

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

**Қылмыстық іс жүргізу құқығы (ерекше бөлім) «БВ04205-Құқықтану»  
Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы (ерекше бөлім)  
«БВ12301 – Құқық қорғау қызметі» мамандығының СӨЖ тапсырмалары және  
оларды орындау үшін  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

**АЛМАТЫ, 2023**

Әдістемелік нұсқаулықтар қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті, з.ғ.к. Г.Н.Мухамадиевамен айындалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми кеңесімен ұсынылған және бекітілген.

\_\_\_\_\_ Д.Л. Байдельдинов

Хаттама «\_\_ \_\_» \_\_\_\_\_ 2023 ж.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Қылмыстық іс жүргізу құқығы (ерекше бөлім) «6В04205-Құқықтану»  
Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы (ерекше бөлім)  
«6В12301 – Құқық қорғау қызметі» мамандығы студенттерінің өзіндік жұмыстарын жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**

## 1. Жалпы ережелер

1. Ережелер университеттегі оқытудың кредиттік жүйесі бойынша іске асырылатын жоғары білімнің кәсіби оқыту бағдарламасы мен жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімнің бірыңғай талаптарын айқындайды.

2. Білім алушылардың өзіндік жұмыстары (БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде ақыланатын тақырыптардың нақты тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушылардан күнсайын өзіндік жұмыстарды талап ететін тапсырмалармен расталады.

3. Оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ) - бекітілген кесте бойынша оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының аудиториядан тыс жұмысы; білім алушының санатына қарай ол: оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ), оқытушының басшылығымен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (ОМӨЖ) және оқытушының басшылығымен жүргізілетін докторанттардың өзіндік жұмысы (ОДӨЖ) болып бөлінеді. Білім алушының өзіндік жұмысы оқу жоспарына сәйкес белгілі бір пәнді меңгеру барысында алған білімнің сапасын, тереңдігі мен беріктігін арттыруға, сонымен болашақ кәсіби қызметінде де қолдана алатын студенттің өзіндік іздену, өзіндік даму мен өзіндік жетілу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу үрдісінің маңызды бөлігі болып табылады.

4. Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру оқу үрдісін ұйымдастырудың басқа да түрлерімен өзара байланысын көздейді, атап айтқанда:

- пән тақырыптарын меңгерудегі білім алушының өзіндік жұмысы орнының айқындалуы;
- дәрістік және тәжірибелік сабақтардың білім алушының өзіндік жұмысына бағытталуы;
- білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру түрінің, әдіс-тәсілдерінің таңдалуы;
- білім алушыларға өзіндік жұмыс тапсырамаларын орындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтардың жасалуы;
- білім алушының өзіндік жұмысын сабақтардың басқа түрлерімен үйлестірілуі.

5. Білім алушылар өзіндік жұмысты ұйымдастыру ережелерін, нормалары мен талаптарын білуі тиіс.

6. Өзіндік жұмыс барысында білім алушы оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде ркін түрде сыни және креативті ойлау, өзінің пікірін дәлелдеп қорғау дағдыларына ие болады.

7. Өзіндік жұмыс түрлері, олардың еңбек сыйымдылығы, формалары мен бақылау мерзімдері әр пәннің силлабусында көрсетіледі.

БӨЖ түрлері мен формаларының мысалдары:

- 1) Реферат – әдебиеттерге міндетті түрде шолу жасай отырып, мәселені жазбаша мазмұндау немесе ғылыми жұмыстың, кітаптің мазмұнын талдай отырып баяндау.
- 2) Коллоквиум – оқу материалын меңгеру сапасын анықтау мақсатымен пәннің оқылған тақырыптары бойынша сұхбаттасу түрінде өткізілетін білім алушының өзіндік жұмысын бақылау формасы.
- 3) Эссе – сын, публицистика және сол сияқты т.б. жанрдағы өзекті мәселе бойынша өзінің жеке көзқарасының жазбаша түрдегі мазмұндамасы.
- 4) Мақсаттар ағашы – мәселені таңдап, деңгей бойынша мақсаттарын белгіледі; барлық деңгейдегі тапсырмалармен оларды орындау алгоритмін анықтауды;

мақсатқа жету жолдарын анықтауды; жұмыс сапасын ың көрсеткіштері мен тапсырманы бақылау түрлерін таңдауды көздейтін тапсырма.

- 5) Презентация – белгіленген мәселе бойыншанегізгі қағидаларды слайд, бейне ролик және т.б материалдар арқылы көрсете отырып жасайтын ауызша баяндама.
  - 6) Жағдаяттық тапсырма – әртүрліжағдайлардың сипаттамасы мен оларға Байланысты тапсырмалар тізімдемесі.
  - 7) Искерлік ойындар – білім алушының болашақ кәсіби қызметіне байланысты дағдыларды қалыптастыруға бағыттылған және алдын-ала дайындық пен өз бетінше аяқтауды талап ететін кез-келген процестің имитациясы.
  - 8) Топтық жоба – 3-5 білім алушыдан тұратын топтың жоба жасауына арналған тапсырма.
  - 9) Жеке жоба – дайындық деңгейі жоғары білім алушылар үшін өзекті тақырып бойынша зерттеу жобасын әзірлеуге арналған тапсырма.
  - 10) Глоссарий (тізбек сөздер) – берілген тақырып бойынша терминдер мен түсініктердің қысқаша анықтамасы.
8. Әр пән бойынша өзіндік жұмыс түрлері мен формалары пәннің ерекшелігіне, мақсат-міндеттеріне, күрделілігі мен өзектілігіне, білім алушылардың дайындық деңгейіне, пәннің еңбек сыйымдылығына қарай анықталады.
9. Білім алушының өзіндік жұмысының технологиялық элементтері ретінде өзіндік жұмысты жоспарлаумен ұйымдастыру, оның орындалуын бағалау мен бақылау, БӨЖ-ді талдау мен жетілдіру болып табылады.
10. Білім алушының өзіндік жұмысын факультет, кафедра, әр оқытушы сәйкес келетін оқу-әдістемелік құжаттарды жасау арқылы жоспарлайды.
11. Білім алушының өзіндік жұмысын деканат, оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімі, Кафедра және осы академиялық топта сабақ беретін оқытушы үйлестіріп отырады.
12. Әдістемелік бөлім БӨЖ-дің әдістемелік қамтамасыз етілу мәселелері бойынша оқытушы
- профессорлық құрамы үшін семинарлар өткізіп кеңес береді, БӨЖ формалары мен түрлері бойынша әдістемелік нұсқаулықтар мен ұсыныстарды сараптайды, білім алушылардың үлгерімін талдау негізінде БӨЖ ұйымдастырылуын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасайды.
13. Деканат аудиториялық қорды ескере отырып, ОБӨЖ және оқытушылардың кеңес беру кестелерінің оңтайлы құрастырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ білім алушылардың үлгерімін бақылап отырады.
14. Кафедра:
- кредиттің анықтамасына сәйкес дәріс, практикалық және зертханалық сабақтар мен БӨЖ арасындағы оптималды қатынастың анықталуын;
  - дәріс, практикалық, зертханалық сабақтар мен БӨЖ мазмұны және көлемінің құрылымдануын;
  - білім алушылардың әр тақырып бойынша білімін бағалау критерийлерінің құрастырылуын;
  - оқу жұмыс жоспарында бекітілген көлемдегі пәннің оқу жұмыс бағдарламасының орындалуын қамтамасыз етеді
15. Оқытушы:
- БӨЖ ұйымдастырылуы бойынша әдістемелік материалдардың және әдебиеттер Көздері бойынша ұсыныстардың жасалуын;
  - тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптардың, әр БӨЖ тапсырмасы бойынша Бақылау мерзімдері мен түрлерінің, бағалау көрсеткіштерінің жасалуын;
  - білім алушы өзіндік жұмысының, оның ішінде тапсырмалардың түрлерімен күрделілік деңгейі бойынша дифференциациялануын қамтамасыз етеді.
16. Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудағы оқытушының негізгі міндеті:
- білім алушының оқу, ғылыми -зерттеу, практикалық жұмыстарын өз бетінше атқару

дағдыларының қалыптасуына жағдай жасау;

-білім алушылардың кәсіби, ғылыми және тәжірибелік қызығушылығын дамытуға мүмкіндік туғызу;

-болашақ мамандардың кәсіби маңызды қабілеттері, білімдері мен дағдыларының қалыптасуына себепкер болу;

- білім алушылардың тұлғалық шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау.

2. Білім алушының өзіндік жұмысының мазмұнына қойылатын талаптар

17. Өзіндік жұмыстың мазмұны академиялық кезеңдегі өзіндік жұмыстың көлемін, тапсырмалардың саны мен сипатын, олардың еңбек сыйымдылығы мен орындалу мерзімдерін, ағымдағы және аралық бақылау түрлерін көрсету арқылы оқу-әдістемелік кешенде, силлабуста анықталады.

18. БӨЖ тапсырмаларын рәсімдеу талаптары:

-пәнді оқудың толық кезеңіне арналған БӨЖ кестесі;

-пәннің негізгі бөлімдеріне сәйкес тапсырмалар жүйесі;

-рефераттар, баяндамалар, эссе, есептер және т.б. тақырыптары;

-БӨЖ тапсырмаларының мазмұнына, көлеміне және рәсімделуіне қойылатын талаптар;

-негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі;

-кеңестікжәрдем түрлері;

-бағалау критерийлері;

-жұмыстың тапсырылу мерзімі.

19. Өзіндік жұмыстың мазмұнына қойылатын талаптар:

-тапсырманы немесе ұжымдық жұмыстың бір бөлігін студентжеке өз бетімен орындау керек;

-белгілі тақырып немесе оның бір бөлігі бойынша өзекте мәселелер талқыланып шешімі шығарылатын толығымен аяқталған жұмыс (немесе бір сатысы) болып табылу керек;

-қарастырылып отырған мәселені шешудегі автордың құзыреттілігін көрсете білу керек;

-оқу, ғылыми және/немесе практикалық бағдар мен маңыздылыққа ие болу керек;

-белгілі бір ғылыми жаңалық элементтері (егер де ол ғылыми-зерттеу еңбек болса)болу керек.

20. Білім алушының өзіндік жұмысын қабылдап бағалау кезінде қойылатын шарттарды міндетті түрде көрсету керек, яғни:

-қойылған мақсат-міндеттерге сәйкес тақырыбы көрсетілген жұмыс мазмұнының толықтығы мен тереңдігі бағаланады;

-әдеби дереккөздерге шолужасау дәрежесі бағаланады;

-жұмысты орындаудағы дербестілік дәрежесі бағаланады;

-материалды нақтылығы мен сауаттылығы бағаланады;

- жұмыстың қорытындысы мен талдау дәрежесі бағаланады;

- пәннің теориялық мәселелерін қорытындылау қабілеті бағаланады;

-тапсырманы рәсімдеудегі техникалық талаптардың сақталуы бағаланады;

-қорғау кезіндегі жауаптың толықтығы бағаланады;

-қосымша сұрақтарға берген жауабы бағаланады;

-өз көзқарасын дәйектей алуы бағаланады;

- және т.б.

21. Пәнді оқытудағы бір семестрдегі БӨЖ тапсырмаларының саны 5 -тен аспауы керек.

22. Әр БӨЖ тапсырмасы оқытушының белгілеген балы бойынша бағаланады.

23. Әрбір білім алушы академиялық кезең басталғанға дейін БӨЖ-ді орындау туралы қағаз немесе электронды тасымалдағыштардағыәдістемелік нұсқаулықтармен қамтамасыз етілуі тиіс. Онда - тапсырмалардың мақсаты, тақырыптары мен мазмұны;

-ұсынылатын әдебиеттер тізімі;

-есеп формалары мен бақылау кестесі;

-бағалау талаптары көрсетілгенге тиіс.

24. Пәнді оқытудың тиімділігі үшін білім алушының өзіндік жұмысын келесідегідей ұйымдастыруға болады:

-негізгі қызмет білім алушыға жүктелетін аудиторияда тыс жұмыс (дәріс, практикалық және Зертханалық сабақтарға дайындық, рефераттар мен баяндамалар жазуы, презентация дайындау, есеп шығару, басқа да үй тапсырмаларын орындау);

-негізгі қызмет білім алушымен қатар оқытушыға жүктелетін белсенді түрдегі аудиториялық жұмыс (үй жұмысына дайындалумен қатар, сабақ кезіндегі жұмыс –тренинг, диспут, іскерлік ойындар, презентациялар, логикалық есептер, кейстер және т.б.).

25. БӨЖ-дің орындалуы мен ұйымдастырылуын бақылау кафедраның БӨЖ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

26. БӨЖ-ді орындау мен ұйымдастырудың барлық түрі кеңес беру, аралық бақылау есептері, оқытушының БӨЖ тапсырмаларын қабылдау және т.б. кестелердің, жеке пәндер бойынша БӨЖ бақылау журналдарының болуын талап етеді.

27. Білім алушының өзіндік жұмысының жалпы көлеміне оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ) кіреді.

28. ОБӨЖ көлемі БӨЖ-дің жалпы көлемінің 25-50% құрайды және оқытушының академиялық мерзімдегі педагогикалық жүктемесі бойынша анықталады: жүктеме 1-4 кредит болған жағдайда офиссағаттар саны аптасына 1 академиялық сағатын құрайды, сәйкесінше 5-9 кредит –2 сағат, 10-15 кредит –3 сағат.

29. Кәсіби пәндер бойынша ОБӨЖ академиялық топтарда, жалпыға міндеттер пәндер бойынша білім алушылардың саны 50-ден аспайтын академиялық ағымдарда ұйымдастырылуы тиіс.

30. Оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысының Кестесі негізгі оқу кестесінен бөлек құрастырылады.

31. ОБӨЖ барысында үй жұмысын, курстық, семестрлік және бақылау жұмыстарын, есептер мен басқа да тапсырмаларды орындау бойынша кеңес беріліп, ағымдағы және аралық бақылау жүргізіледі.

32. Егер БӨЖ тапсырмасының орындалуы қиындық тудырмаса, білім алушы кестеге сәйкес ОБӨЖ сабағына қатыспауына болады.

33. ОБӨЖ кестесінде көрсетілген уақытта оқытушының аудиторияда болуы міндетті.

34. ОБӨЖ семинарлар, практикалық немесе зертханалық сабақтарға алмастырылмайды

**Студенттердің өз бетінше жұмысы үшін келесі дәріс тақырыптарына енбеген тақырыптар ұсынылады:**

**1-тақырып.** Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандарын талқылау. Есептер дайындау .

**Тапсыру нысаны және мерзімі:** презентация (көлемі - 20 беттен кем емес, кемінде 15 қайнар көзді қолдану) - 3-ші апта

**Есептерді шығару.** Есептерді шығару әдісі:

• есептерді шешу үшін берілген тақырып бойынша дәрістік материалды толық білу керек;

• есеп шартын мұқият оқып шығу;

• шешу жоспарын ойластыру;

• есепті шығаруға қажетті құқықтық нормаларды анықтау.

**2-тақырып.** Тергеу әрекеттері хаттамаларын жасау. Іскерлік ойын: тергеу әрекеттерін жасап көрсету. Тұлғалық-бағдарлық **Тапсыру нысаны және мерзімі:** заң жобасы – 5-апта  
Студенттерге қылмыстық істің фабуласын таңдауға және ол бойынша бұлтартпау шараларын қолдану, дәлелдемелерді табу, оларды қолдануды жүзеге асыруға мүмкіндік беру, сонымен қатар қылмыстық процесте қылмыстық қудалау органдарының барынша белсенді жұмыс жасауына көңіл аудартқызу.

**3-тақырып.** Іскерлік ойын «Оқу қылмыстық процесс». Тұлғалық-бағдарлық.

**Тапсыру нысаны және мерзімі:** 8-апта

«Қылмыстық іс» студенттермен басты сот талқылауын қарастыруда да қолданылуы мүмкін. Бұл жерде студенттер адвокаттың сот тергеуінде куәлерге сұрақ қоюына, өзінің жинаған дәлелдемелерінің күшін сақтап қалуына және мемлекеттік айыптаушы мен адвокаттың сот жарыссөзінде сот аудиториясын өзіне қарата алуына басты назар аударулары қажет.

**4-тақырып.** Заңды күшіне енбеген және енген сот үкімдері мен қаулыларын қайта қарау ерекшеліктерін табу және оларды салыстыру. Соттың үкімдері мен қаулыларын орындау тақырыптарында тест сұрақтарын және есептер дайындау. Тұлғалық-бағдарлық.

**Тапсыру нысаны және мерзімі:** ұсыныстар (көлемі – 15-20 беттен кем емес, кемінде 10 қайнар көзді қолдану) – 10-апта

**Ұсыныс** – заң нормаларын, сот тәжірибесін жетілдіруге бағытталған тұжырымдар. Студент ұсынылған тақырып бойынша не заң нормаларын жетілдіруге бағытталған, не сот тәжірибесін жетілдіруге бағытталған өз ұсыныстарын дайындауы қажет. Студенттің ұсыныстарын әзірлеу ісі қолданыстағы заңдар мен оларды қолданудың тәжірибесін талдауды, оның мәтінін жазуды қамтиды. Сонымен қатар түсіндірме хатында магистрант өз ұсыныстарының қажеттігін негіздеуі керек.

**5-тақырып.** Жекеше айыптау істері бойынша іс жүргізу және есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу тақырыптарына тест сұрақтарын және есептер дайындау. Тұлғалық-бағдарлық.

**Тапсыру нысаны және мерзімі:** құжаттар жасау – 12-апта

**6-тақырып.** Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты реттеуші құқықтық актілер бойынша пікірлер және ұсыныстар дайындау. Тұлғалық-бағдарлық. Процестік актілер дайындау

**Тапсыру нысаны және мерзімі:** құжаттар жасау – 13-апта

**7-тақырып.** Қылмыстық-процестік құқық нормаларын және оларды қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу. Тұлғалық-бағдарлық

**Тапсыру нысаны және мерзімі:** ұсыныстар (көлемі – 15-20 беттен кем емес, кемінде 10 қайнар көзді қолдану) – 15-апта

**Ұсыныс** – заң нормаларын, сот тәжірибесін жетілдіруге бағытталған тұжырымдар. Магистрант ұсынылған тақырып бойынша не заң нормаларын жетілдіруге бағытталған, не сот тәжірибесін жетілдіруге бағытталған өз ұсыныстарын дайындауы қажет. Магистранттың ұсыныстарын әзірлеу ісі қолданыстағы заңдар мен оларды қолданудың тәжірибесін талдауды, оның мәтінін жазуды қамтиды. Сонымен қатар түсіндірме хатында магистрант өз ұсыныстарының қажеттігін негіздеуі керек.

### СОӨЖ ӨТКІЗУДІҢ КЕСТЕСІ

Апталар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
СОӨЖ			*		*			*		*		*	*		*
Баллдарың саны			30		30			30		30		20	20		20

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

**Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:****Негізгі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. “Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы 05.11.2022 ж. заңы // <http://adilet.zan.kz>
5. “Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы Қазақстан Республикасының 5.07.2018 ж. Заңы // <http://adilet.zan.kz>
6. Қазақстан Републикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

**Қосымша:**

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

**Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:****Негізгі әдебиет:**

1. Нұрмашев Ү. Ахапов К. Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Алматы: Жеті жарғы, 2015. – 300 с.
2. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.
3. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Движение уголовного дела (Общая и Особенная части) / Учебник / Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н, доц. Касимова А.А. – Алматы: Жеті Жарғы, 2017. – 1016 с.
4. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Общая. Книга 1. / Под общ. ред. д.ю.н., проф. Берсугуровой Л.Ш., д.ю.н., проф. Джансараевой Р.Е. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 275 с.

5. Уголовный процесс: учебник / А.В.Смирнов, К.Б.Калиновский; под общ. ред. А.В.Смирнова. Вступит. статья В.Д.Зорькина. 8-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2020. 784 с.

**Қосымша әдебиет:**

Уголовно-процессуальное право. Видеолекции//  
<https://www.youtube.com/watch?v=7mqXeMbdbg4>

Единое окно доступа к информационным ресурсам //  
<http://window.edu.ru/catalog/pdf2txt/683/44683/21461>

**Онлайн қолжетімді:** Қосымша оқу материалы –дәрістер тезисы, сонымен қатар үй жұмысы, жобалар, СӨЖ орындау үшін қажетті оқу-методологиялық материал [univer.kaznu.kz](http://univer.kaznu.kz) желісінде ПОӘК бөлімінде қолжетімді болады.(Сонымен қатар пән тақырыбы бойынша МООК курсының ұғыну ұсынылады).